

**"Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік-статистикалық зерттеу туралы сауалнама" (коды 1962105, индексі КД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2012 жылғы 6 қыркүйектегі № 254 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 мамырдағы № 100 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Халықты қылмыстылық деңгейі және оның нәтижелерінің тіркелуі бойынша әлеуметтік - статистикалық зерттеу туралы сауалнама" (коды 1962105, индексі КД-01, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2012 жылғы 6 қыркүйектегі № 254 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7922 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2013 жылғы 16 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың кешірімесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қ а з а қ с т а н          Р е с п у б л и к а с ы**  
**Ұ л т т ы қ          э к о н о м и к а          м и н и с т р л і г і**  
Статистика комитетінің төрағасы          **Н. Айдапкелов**

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитетінің төрағасы  
С. Айтпаева

2016 жылғы \_\_\_\_\_

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
Қ. Қасымов

2016 жылғы \_\_\_\_\_

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
қызмет істері министрлігінің Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық  
бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы қызмет) төрағасы  
Қ. Қожамжаров

2016 жылғы 16 тамыз

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы  
Д. Ерғожин

2016 жылғы 04 қазан